

**«Шығыс Қазақстан Облыстық балалар және жасөспірімдер
кітапханасы»**

**Ұлттық әдебиет және
өлкетану орталығы**

«Көжектің үйшігі»

(қуыршақ театры, даярлық топ, 1-2 сынып)

Өскемен қаласы, 2016 ж.

Әже: Сәлеметсіңдер ме, балалар?

Балалар: Сәлеметсіз бе?

Әже: Балалар, мен сендерге «Көңілді Көжек» деген қызықты ертегі айтып берейін. Ал, тыңдаңдар. Күн шуағын молынан шашып, орманның ішін жылылық жайлады. Ұйқысынан оянған Көжек інінен басын шығарып, жан-жағына көз тастады.

Көжек: *(есінеп, керіледі)* А-а-а!... Алақай, күн жылыныпты! Бүгін не істесем екен?

Әже: Осылай деп Көжек ойланып тұрып, ақыры достарына барып, олардың тірлігін қызықтап қайту туралы шешімге келді.

Көжек: Таптым, одан да достарыма барып қайтайын. Не істеп жатқандарын байқайын.

Әже: Көжек орманның ішіндегі жалғыз аяқ соқпақ жолмен әндетіп келеді.

Көжек:

Тря-ля-ля. Тря-ля-ля.

Көктем келді көңілді,

Гүлдендіріп өңірді.

Әже: Жолда келе жатқан Көжек Қасқырды жолықтырады. Қасқыр қасындағы досы екеуі бір кітапқа үңіліп қарап отыр екен, олар Көжекті тіпті байқамайды да.

Көжек: Сәлем, достар! Не істеп отырсыңдар?

1- Қасқыр: А-а?

2- Қасқыр: Е-е, бұл сен бе едің? Сәлем Көжек. Мен есеп шығаруды үйреніп жүрмін.

1- Қасқыр: Ал мен үйретіп отырмын.

Көжек: Солай ма?

2- Қасқыр: Иә, иә. Есеп деген тіпті қызық екен.

1- Қасқыр: Көжек, айтшы, сен есеп шығара аласың ба?

Көжек: Иә, шығара аламын.

2- Қасқыр: Олай болса, мына есептің шешуін тапшы.

Көжек: Қане, айтыңдар тауып көрейін.

1- Қасқыр: Үш емен жаңғағына екі емен жаңғағын қоссаң барлығы қанша жаңғақ болады?

Көжек: Бес емен жаңғағы болады. Дұрыс қой?

2- Қасқыр: *(ойланып тұрып)* Дұрыс екен! Жарайсың достым!

Көжек: Жарайды мен кетейін. Істерің оң болсын!

1- Қасқыр: Сау бол!

2- Қасқыр: Жолың болсын!

Көжек:

Тря-ля-ля. Тря-ля-ля.

Көктем келді көңілді,

Гүлдендіріп өңірді.

Әже: Көжек сапарын әрі қарай жалғай берді. Балалар, Көжек есептің жауабын дұрыс шығарды ма? Қане, сендер де есептеп көріндерші.

Балалар: Иә, дұрыс шығарды.

Әже: Бәрекелді, балалар! Ертегімді әрі қарай жалғайын. Көжек жолда келе жатса, жақын маңдағы көгалда аспанға қарап тұрған Түлкішекті көреді.

Көжек: Түлкішек, сен неғып тұрсың?

Түлкішек: Қарашы, Көжек, аспанда бұлттар қандай әдемі! Әрқайсысы әртүрлі затқа, пішіндерге ұқсайды екен.

Әже: Көжек те аспанға қарап Түлкішекке былай дейді.

Көжек: Расында да, бұрын неғып байқамағанмын? Ана бір бірінші тұрған бұлтты қарашы, домалақ екен. Шеңберге ұқсап тұр.

Түлкішек: Ал, екінші бұлт төртбұрышқа ұқсайды, иә?

Көжек: Дұрыс айтасың, Түлкішек. Ал мына біреуі сопақ пішінді.

Түлкішек: Тура жұмыртқа сияқты екен. Пішіндер өте қызықты, солай емес пе?

Көжек: Иә, солай. Өте қызық. Жарайды, мен кеттім, сау бол!

Түлкішек: Сау бол, достым!

Көжек:

Тря-ля-ля. Тря-ля-ля.

Көктем келді көңілді,

Гүлдендіріп өңірді.

Әже: Көжек сапарын әрі қарай жалғай берді. Сөйтіп Көжек енді Аюдың үйіне келді. Үйде кішкентай екі қонжық бар екен. Ата-аналары қонаққа кетіпті. Екі қонжық ойыншыққа таласып, бір-бірімен төбелесіп жатыр екен.

1- Қонжық: Берші, мен бірінші ойнаймын.

2- Қонжық: Жоқ, бермеймін.

Көжек: Сәлеметсіңдер ме, кішкентай Қонжықтар?

Қонжықтар: Сәлеметсің бе?

Көжек: Не боп қалды? Неге төбелесіп жатырсыңдар?

1- Қонжық: Мына ағам маған ойыншығын бермейді.

2- Қонжық: Сен дұрыстап ойнай алмайсың. Қазір сындырып, бүлдіріп тастайсың.

1- Қонжық: *(бұртиып, өкпелі үнмен)* Қазір әкем мен анам келгенде айтам!..

Көжек: Жә, төбелеспендер. Одан да жүріңдер далаға шығып үшеуіміз тамаша би билейік. Оны маған сендер сияқты досым үйреткен.

Әже: Үшеуі бірге қызықты би билеп, мәз болады. Қане, балалар, көңілді Көжекпен сендер де билеңдер!

Балалар да билейді.

Әже: Осылайша бүгінгі күнін көңілді өткізген Көжек қас қарая үйіне оралыпты. Осымен менің ертегім аяқталды. Сау болыңдар, балалар!

Құрастырған:

Райымбекова Г.Р.

Тексерген:

Кенжебекова Н.М.